

Әскери қызметшілердің лауазымдық жалақыларына және әскери атақтары бойынша жалақыларына аудандық коэффициенттерді, биік таулы, шөлейт және сусыз мекендерде жұмыс істегені үшін коэффициенттерді қолдану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 4 қазан N 1298. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен. ~P020789

Еңбек етуге қолайсыз жерлерде тұратын әскери қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне, Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабының бастығына және басқа да әскери құрамалардың бастықтарына тиісті аймақтардың өндірістік емес салалар қызметкерлерінің жалақысына қолданылып жүрген нормативтік актілермен бекітілген аудандық коэффициенттерді, биік таулы, шөлейт және сусыз жерлерде жұмыс істегені үшін қосылатын

коэффициенттерді әскери қызметшілердің лауазымдық жалақыларына және әскери атақтары бойынша жалақыларына қолдану құқығы берілсін.

Аталған коэффициенттерді енгізу осы министрліктер мен ведомстволардың еңбекақы төлеуге арнап бөлінген қаражат шегінде жүзеге асырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі